



Аты-жөні: Қойлыбай Үміт

Жайлыбайқызы

Туған жылы: 25.04.2001ж.

Жасы: 15

Мекен-жайы: Хромтау

қаласы, Ш. Уәлиханов, 5-36

Мектебі: №6 Хромтау гимназиясы

Ұлты: қазақ

Пән мұғалімі: Керимова Гүлжазира

Ұстаздыққа жүрегімді беремін...

Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым - шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады.

В.А.Сухомлинский

Ұстаз... Осынау сөзде қаншама мән-мағына жатыр. Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, лаулаған сезім, шарпыған көңіл жүрегімді қыспағына алады. Көз алдымнан ақ жарқын мінезді, ақ жүректі, ақкөңіл, жаны жайсаң, жылы жүзді ұстаз бейнесі көрініп, мені қиялға батырып, әуезді ойларға шомып, еріксіз нұрлы естеліктерге жетелей жөнеледі... Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың жалын атқан жүрек мейірімі әр балдырған жанына жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы. Ұстаз өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне бел буған періште іспетті.

Мұғалім - білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі.

Олай болса , ақ тілеулі анам секілді, жүрегімнің түбінен ойып орын алған аяулы да асыл ұстазым, болашаққа айқын жол сілтер ақылшым – Қонысбай Ару Мұратқызы жайлы терең сыр шертпеу мүмкін емес деп ойлаймын. Сынып жетекшімнің ең алғаш класқа кіріп келіп, мейірімді жүзімен бізді баурап алып:

- Ал, балалар, мен сендердің жаңадан болған сынып жетекшілерің боламын, бүгіннен бастап сіздермен бірлесе, тату-тәтті жұмыс жүргіземіз, деп өзін таныстырып жатқан сәті көз алдымнан кетпейді. Аппақ жүзді, қырлы мұрын, қарақаттай қара көзді, қиылған қасты, қолаң шашты, орта бойлы, толықша келген осы ұстаздың маған жылу тартып, сүйікті мұғалім, бала жанымның бағбаны, адал дос, қымбат жанға айналарын кім білген?

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Сынып жетекшімізге айналған ұстазымның мейірімге толы жүрегі біздің жасаған талай ағаттықтарымызды кешіре білді. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсірді, тәртіпке баулып, есейтіп, ер жеткізді. Ұстазыма тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады: дүниетанымдық көзқарасы, сенімі, қызметке бейімділігі, кәсіптік білімі мен біліктілігі, қамқорлық көзқарасы, сүйіспеншілік сезімі, ұйымдастырушылық қабілеті, заманға сай жаңашылдық. Осындай даралық қасиеттерге ие Ару Мұратқызы бәрімізді өз баласындай көріп, ақыл айтып, көп нәрселерді үйретіп жүретін осы мұғалімнің орны мен үшін қашан да ерекше. Өзі шәкірттерінің өмірге көзқарасын, бір-біріне деген сый, құрмет сезімін қалыптастыратын, білім мен тәрбиенің ұрығын шашатын, адамгершіліктің нұрын төге білген жан. Аузын ашса, жүрегі көрінген Ару апайымның ақжарқын мінезі әрбір оқушының көңіліне нұр ұялата біледі. Еліміздің елеулі, халқымыздың қалаулы азаматтары болуға, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін, қараңғыда жол таба білетін шоқжұлдызы бола білетін азамат бола білуге тәрбиелеп жатқан сынып жетекшімнің әрбір айтқан сөздері жүрегіміздің түбінде сайрап жатыр. Көзінде от, сөзінде жалын бар, лаулап жанған жалындай мұғалімнің талап қоя біліп, оны қандай жағдай болса да орындай білуге тәрбиелеуі біздей жас бүлдіршіндерді үлкен жауапкершілікке үйретті. Ұлы сезім, үлкен жүрек, шалқар шабытқа ие, тыңдаушының құлақ құрышын қандыраар әрбір сөздері арқасында ата-аналар да ұстаз сөздеріне бір ғанибетпен құлақ асады. Көңіліміздің көгілдір көкжиегінде ол туралы айта бастасам сәби жүрегіміздің дүрсілі атша тулап тебіреніп сала береді. Ақша бұлттай нәзік мінезі, жанартаудың жалын атқан лебіндей көңілі, ай мен күндей нұры бар жылы жүзін көргенде бұлт арасынан шыға келген күн сияқты болатын. Еңбегі ерен, пайымы терең ұстазым сабақ үстінде өзінің білгенін оқушыға үйретуге жалықпайды. Ал мектептен тыс әңгімелескен кезде тіптен басқа адам болып шыға келеді. Сырласып, қиындықтарымызды сеніп айтуға болатын сырлас құрбымызға айналып кетті. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болған, сыныбымыздың осы күнге дейін жеткен жетістіктерінің тең жартысы сынып жетекшіміздің еңбегі. Осы кісінің сабағынан ешқашан жалықпайсың, жалығуға мүмкін емес. Биология пәнінен бізді теңіз түбінен алған асыл тастай білім нәрімен сусындатып, оқытып келеді. Өзі қазақ әдебиетінің көркем шығарма туындыларын, іңкәрлік пен нәзік иірімдерге толы, маржан сөзбен кестелген әзиз өлеңдерін сүйіп оқиды. Оған дәлел ретінде ұстазымның 2015 жылы Алматы қаласында өткен Республикалық ақиық ақын «Мұқағали Мақатаев оқуына» қатысып, жүлделі 3 орынды иеленсе, ал былтырғы оқу жылында облыстық сынып жетекшілер байқауында бас жүлдеге ие болуы әрбір шәкіртінің жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатты. Сонымен қатар ұстазымның спортқа да ынтасы зор. Өнегелі іскер, қабілетті, байсалды, таңдаған кәсібінің білікті маманы. Қатал ұстаз болғанымен оқушыларына әділ және мұқият қарайды, салмақты, әрбір баланың адамгершілік құндылықтарын құрметтейді. Әр баламен тіл табыса білгені жоғары бағаланады. Оның жүріс-тұрысы, шаш үлгісі, сөйлеу мәдениеті өте сүйкімді, әрі ұстамды. Ол алтыннан да бағалы ойлары, ақыл – кеңесін беруге әрдайым дайын жан. Абыройлы, жан - жақты, әрдайым ізденіс үстіндегі тұлға.

Әрбір шәкірттің өзі сүйген, жылдар бойы тәлім алған ұстазының аяулы бейнесі көкірек көрігінде, жүрек түбінде сақталуы заңдылық. «Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі»-, деп ұлы ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің айтқаны ешқашан ескірмейді. Себебі, ұстаз – баланы жеке тұлға қылып тәрбиелеп, күлімдеген, күнім деген, сенің жүрегіңе болашаққа мақсат қоя білуге сенім ұялатқан жан.